

Тіркелген

“ ___ ” _____ 200_ ж.

Жарияланған облигацияны шығару проспектісін уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуден өткізуі шығару проспектісінде көрсетілген облигацияларды иемденуге қатысты инвесторларға кез келген ұсыныс беруді білдірмейді және уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттардың дұрыстығына жауап бермейді. Акцияларды шығару проспектісі тек Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес қаралды. Лауазымды тұлғалар осы проспектіде бар ақпараттардың анықтығына жауап береді және онда берілген барлық ақпараттардың анықтығын және инвесторларды қоғам мен оның орналастыратын акцияларына қатысты жаңылыстырмайтын растайды.

**Акционерлік қоғамның
облигациялық бағдарламасының бірінші проспектісі**

**«АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



Шығарылым	Бірінші
Облигациялардың түрі	Атаулы купондар
Шығарылым көлемі	30 000 000 000 теңге
Облигациялардың номиналы	1 000 теңге
Саны	30 000 000 дана
Шығарылу нысаны	Құжатсыз

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың аудиторы “Делойт и Туш” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысуға берген 21.10.1999ж сериясы МФЮ №0000008 мемлекеттік лицензия), Мекен-жайы: 050000, Алматы қ-сы, Абылай хан к-сі, 81, 4 қабат. «Делойт и Туш» ЖШС бас директоры – А. Ержанов

Мазмұны

1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	3
2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАҢДАРЫ	5
3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ	10
4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІН СИПАТТАУ	12
5. ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛЫ	24
6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	27
7. ҚОСЫМША АҚПАРАТ	29
1 ҚОСЫМША	

1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Жарғыға сәйкес эмитенттің атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Қазақ тілінде	«Азық-түлік келісім - шарт корпорациясы» акционерлік қоғамы	«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ
Орыс тілінде	акционерное общество «Продовольственная контрактная корпорация»	«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ
Ағылшын тілінде	joint stock company «Food contract corporation»	«Food Corporation» JSC

2. Эмитенттің атауындағы өзгерістер туралы деректер:

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» жабық акционерлік қоғамы «Мемлекеттік азық-түліктік келісім-шарт корпорациясын қайта құру туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 260 қаулысына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі № 549 қаулысына сәйкес құрылған Мемлекеттік азық-түліктік келісім-шарт корпорациясының мирасқоры болып табылады.

2004 жылғы 1 сәуірде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңын іске асыру мақсатында қайта тіркеу жүзеге асырылды. (№ 3434-1901-АО мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік).

3. Эмитенттің мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы мәліметтер:

Мемлекеттік азық-түліктік келісім-шарт корпорациясын бірінші мемлекеттік тіркеуді 1995 жылғы 28 сәуірде Алматы қаласының Әділет басқармасы жүзеге асырды.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ 1997 жылғы 11 сәуірде Алматы қаласындағы Әділет басқармасында қайта тіркелді, тіркелу нөмірі 10595-1901-АО.

Кейінгі мемлекеттік қайта тіркеу 2000 жылғы 2 шілдеде Астана қаласының әділет басқармасында жүргізілді, тіркелу нөмірі 3434-1901-АО.

Соңғы мемлекеттік қайта тіркеу 2004 жылғы 1 сәуірде Астана қаласындағы Әділет департаментімен жасалды, тіркелу нөмірі 3434-1901-АО.

Тіркелген нөмірі	Қайта тіркелген күні	Код ОКПО
3434-1901-АО	1 апреля 2004 г.	30567773

4. Салық төлеушінің тіркелу нөмірі: 600700153009

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондары мен факстерінің нөмірі, электрондық поштаның адресі туралы мәліметтер

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 39/1.

Іс жүзіндегі мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 39/1, тел. (3172) 59-12-23, факс (3172) 59-13-00, E-mail: mail@foodcorp.kz.

6. Эмитенттің банктік реквизиттері

«Казкоммерцбанк» АҚ
012467743 е/ш, БИК 195301716, СТН 600700153009, КБЕ16;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
500467304 е/ш, БИК 195301603, СТН 600700153009, КБЕ16.

7. Эмитенттің қызмет түрлері

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ (Корпорация) қызметінің негізгі мақсаттары мемлекеттік астық ресурстары мен одан өңделген өнімдерді сатып алуды, қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды ұйымдастыруды, жанартуды, сатуды қамтамасыз ету болып табылады.

«Азық-түлік корпорациясы» АҚ аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- мемлекеттік ресурстардағы астық пен одан өңделген өнімдерді сатып алуды, қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды ұйымдастыруды, жаңартуды, сатуды;
- ұлттық валютада банктік операцияларды және қарыз операцияларын жүзеге асыруды;
- Төлеу, жеделдету және қайтару шарттарымен кредиттерді ақша түрінде беруді;
- Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған басқа да функцияларды.

8. Халықаралық рейтингтік агенттіктер мене (немесе) Қазақстан Республикасы рейтингтік агенттіктерінің эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға берген рейтингтерінің барлығы туралы мәліметтер

2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Корпорацияның халықаралық рейтингтік агенттіктері рейтингтері жоқ. Корпорацияның қаржылық агенттік мәртебесі жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері мен пошталық мекен-жайы.

Эмитенттің облыстық өкілдіктері

1 кесте.

№	Атауы	Мекен-жайы	Тіркелген күні	Телефоны
1	Ақмола облыстық өкілдігі	020000, Көкшетау қаласы, . Горький көшесі, 19	04.08.99ж. №95-1902-П-о	(3162) 42-26-62; 42-25-22
2	Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша өкілдік	070000, Семей қаласы, . Достоевский көшесі, 148	10.02.04 ж. №953-1917-П-о	(3222) 56-53-50
3	Батыс-Қазақстан облыстық өкілдік	090000, Орал қаласы, Коммунистическая көшесі, 33/2	28.05.04 ж. №251-1926-П-о	(3112) 51-49-89; 24-45-13
4	Ақтөбе облыстық өкілдігі	030000, Ақтөбе қаласы, . Маресьев көшесі, 95	№1767-1904-П-о 12.05.04	(3132) 56-76-26
5	Қарағанды облыстық өкілдігі	100000, Қарағанды, Бұхар жырау даңғылы, 1.	04.06.99 ж. №897-1930-П-о	(3212) 41-16-09; 41-15-93
6	Қостанай облыстық өкілдігі	110000, Қостанай қаласы, . Таран көшесі, 147	06.07.99 ж. №163-984-П-о	(3142) 53-76-74; 53-76-96
7	Солтүстік-Қазақстан облыстық өкілдігі	150000, Петропавлов қаласы, . Партизан көшесі, 160	06.05.99ж. №1-1948-П-о	(3152) 46-28-09; 46-21-48
8	Оңтүстік аймақтық өкілдік	050000, Алматы қаласы, Төле Би көшесі, 73 а	10.05.00 ж. №563-1910-П-о	(3272) 92-44-94; 58-25-91
9	Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өкілдік	160000, Шымкент қаласы, Республика даңғылы, 6А, «Шымкент» қонақ үйі, 205 офис	05.11.04 ж. №2556-1958-П-о	(3252)56-77-18
10	Астана қаласындағы Іс басқармасы	010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 41, п19	20.07.04 ж. №2362-1901-П-о	(3172) 38-19-39

Эмитенттің шет елдік өкілдіктері

Таблица 2.

№	Атауы	Мекен-жайы	Тіркелген күні	Телефоны
1	Ұлыбританиядағы өкілдік	Berkley Street Mayfair, London, W1J8DJ	19.10.04 ж № FC 025545	8-10-44-20-7016-88-64

2	Ресей Федерациясындағы өкілдік	Москва қаласы, Улофа Пальме көшесі, 1 үй, № 3003 офис	02.07.2004 ж. №9961	(095)232-5664
3	Қытай Халық Республикасындағы өкілдік	Пекин қаласы, Дунчэн ауданы, Цзяньгуомэнь көшесі, №8, Кофко Плаза ғимараты, В құрылысы, 1115 офис	02.12.2004 ж. № 13836	8-10-86-10-851-20-401
4	Иран Ислам Республикасындағы өкілдік	Тегеран қаласы, Зафарание данғылы, №17 үй	16.11.04 ж. № 2529	8-10-98-21-872-11-87
5	Өзбекстан Республикасындағы өкілдік	Ташкент қаласы, Әмір Темір 107-Б	11.10.04 ж. № 1350	8-10-998-71-138-59-66

10. Эмитенттің қаржылық есебіне аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымның толық ресми атауы.

“Делойт и Туш” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысуға берген 21.10.1999ж. сериясы МФЮ №0000008 мемлекеттік лицензия), 050000, Алматы қ-сы, Абылай хан к-сі, 81, 4 қабат.

«Делойт Туш» ЖШС мына ассоциациялардың мүшесі болып табылады: Қазақстанның америкалық сауда палатасы, Қазақстан қаржы мамандарының ассоциациясы, Қазақстан Республикасындағы аудиторлар палатасы, Қазақстанның Еуропалық бизнес ассоциациясы.

Облигацияларды эмиссиялау кезінде (KZ2CKY05B091) 3,0 млрд.теңге сомаға Корпорацияның қаржылық кеңсшісі ТОО «Nauruz Securities Kazakhstan» (2003 жылғы 09 желтоқсандағы шарт) болып табылады. Шарт тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты 2004 жылғы тамызда аяқталды. «Nauruz Securities Kazakhstan» ЖШС «Р» және «Н» категориялары бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі болып табылады.

11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні.

Акционердің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі № 547 бұйрығымен бекітілген Жарғыға енгізілген өзгерістермен Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдау көзделген. Эмитент корпоративтік басқару кодексін 2006 жылғы 1 қазанға дейін қабылдайды. Қазіргі кезде Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарауға берілді.

2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ басқару органдарының құрылымы оның Жарғысымен анықталған. Жарғыға сәйкес акционерлердің жоғарғы органы акционерлердің жалпы жиналысы, басқару органы Директорлар Кеңесі, атқарушы орган Басқарма, бақылау органы Ішкі аудит қызметі болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы¹

Қоғамның жалғыз акционері уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі Акционер) тұлғасындағы Қазақстан Республикасы болып табылады.

Заңнамамен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осы акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде рәсімделуі тиіс.

Акционердің ерекше құзырына мыналар жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының немесе басқа да бағалы қағаздарының санын өзгерту және оларды сатып алу бағалары туралы шешімді қабылдау;
- 4) Қоғамның Басқарма төрағасын (Президентін) сайлау, сондай-ақ оның өкілетін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерін, сыйақылар төлемінің мөлшері мен талаптарын анықтау;
- 6) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

¹ Көзі: Жарғы

- 7) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
 - 8) Есеп берілетін қаржы жылында Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жәй акциясы есебімен жыл қорытындысы бойынша дивидендтердің мөлшерін бекіту;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімдерді қабылдау;
 - 10) Қоғамға тиісті барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайыздарын құрайтын сомадағы активтердің жартысын немесе бірнеше бөлігін бере отырып басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешімді қабылдау;
 - 11) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 12) Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған шешімдерді қабылдау.
- Шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді, заңнамамен басқа жағдайлар көзделмеген жағдайда басқа органдарға, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне беруге жол берілмейді.

Директорлар кеңесі²

Акционер акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын Корпорацияның Директорлар кеңесін тағайындайды. Директорлар кеңесі 5 адамнан тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырады және оларға төрағалық етеді, Директорлар кеңесінің хатшысын тағайындайды. Директорлар кеңесі егер оның жұмысына мүшелердің кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқықты. Директорлар кеңесінің шешімі қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы кезінде дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функциясын Корпорацияның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Корпорация қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағалары туралы шешімді қабылдау;
- 3) акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 4) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 5) Басқарманың сандық құрамын, өкілдік мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Басқарма төрағасының (Президенттің) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық оклад мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықтар төлеу (сыйақылар) шарттарын анықтау;
- 7) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне төленетін еңбекақы мен сыйлығы мөлшерін, шарттарын анықтау;
- 8) Бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;
- 10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 11) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау;
- 12) Қоғамның міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 13) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамды тіркеушіні таңдау;
- 14) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам мен оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 15) ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау;
- 16) Қоғамның бизнес-жоспарын, шығыстар сметасын бекіту;
- 17) алдағы өткен кезеңдегі әкімшілік шығыстар сметаларының және мемлекеттің мүлкіне билік жасауға уәкілеттік берілген уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Қазақстан Республикасының валютасында, жоспарланып отырған кезеңге әкімшілік шығыстар сметасының орындалуы туралы

есепті бекіту;

Директорлар кеңесінің ерекше құзырына жатқызылған мәселелер шешу үшін Қоғам Басқармасына беріле алмайды. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес атқарушы органның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешіміне қарама-қайшы келетін шешімді қабылдауға құқығы жоқ..

Басқарма³

Күнделікті қызметке басшылық жасауды Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма мүшелерінің өкілеттігі оның Төрағасын (Президентін) қоса алғанда Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Акционердің шешімдерімен, сондай-ақ аталған тұлғалармен Қоғамның жасаған жеке еңбек шарттарымен анықталады.

Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Басқарма мен Президенттің шешімдерін Қоғамның басқа органдары бұзуы мүмкін.

Басқарма жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін ұсынады.

Қоғамның ішкі аудит қызметі⁴

Қоғам Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесі бекіткен Ереженің негізінде іс-қимыл жасайтын мүшесі үшеуден кем емес Ішкі аудит қызметін құрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Басқарма мен Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесі

3 кесте

Директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Қазіргі кезде және соңғы үш жылда атқарған қызметі (оның ішінде)	Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарының Жарғылық капиталындағы үлесі
Евниев Арман Қ	1968	Директорлар кеңесінің төрағасы 2005 ж. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің вице-министрі 2002 ж. тамыздан бастап 2005 ж. қыркүйекті қоса алғанда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаментінің директоры	жоқ	жоқ
Исаев Батырхан Арысбекұлы	1962	Директорлар кеңесінің мүшесі 2002 ж. қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің вице-министрі 2002 ж. қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық талдау департаментінің директоры	жоқ	жоқ
Боос Владимир Оттович	1944	Директорлар кеңесінің мүшесі 2000 ж. - Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кеңесінің өндірістік саласы және инфрақұрылым меңгерушісінің орынбасары	жоқ	жоқ
Комаров	1952	Директорлар кеңесінің мүшесі	жоқ	жоқ

³ Источник: Устав

⁴ Источник: Устав

Геннадий Георгиевич		2000 ж. бастап – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары		
Азимов Руслан Жұмабайұлы	1952	Директорлар кеңесінің мүшесі, президент 2002 ж. –«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ президенті	жоқ	жоқ

2003 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ.

2004 жыл ішінде Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- Құрамнан Ю.И. Лавриненко шықты (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация бірінші вице-министрі);
- Исаев Б.А. енгізілді (Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі).

2005 жыл ішінде Корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- Құрамнан А.К. Күрішбаев шықты (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі);
- Евниев А.Қ. енгізілді (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі).

14. Эмитенттің ұжымдық атқарушы органы - Басқарма

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ Басқармасының құрамы

4 кесте.

Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Қазіргі кездегі және соңғы екі жылдағы қызметі (в т.ч. по совместительству)	Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарының Жарғылық капиталындағы үлесі
Азимов Руслан Жұмабайұлы	1952	Президент 2002 ж. маусымнан бастап «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ президенті	жоқ	жоқ
Бисембаев Абай Айдарханұлы	1967	Бірінші вице-президенті 2002 ж. қыркүйектен бастап «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ бірінші вице-президенті	жоқ	жоқ
Солюлёв Александр Анатольевич	1952	Вице-президент 2002 ж. қыркүйектен бастап - «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ бірінші вице-президенті	жоқ	жоқ
Баттақов Ерлан Еркінұлы	1969	Қаржы директоры 2001 ж. қазаннан бастап – «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ Қаржы департаментінің директоры 2005 ж. қаңтардан бастап Корпорацияның Қаржы директоры	жоқ	жоқ
Эльперин Марк Моисеевич	1946	Корпорацияның жұмысын үйлестіру департаментінің директоры 2002 ж. қазаннан бастап – Корпорацияның жұмысын үйлестіру департаментінің директоры 2005 ж. қаңтардан бастап – Корпорацияның басқарушы директоры	жоқ	жоқ

15. «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ толтырмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және басқа басшы қызметкерлерге төленетін сыйақылар.

5 кесте.

№	Басқару органы	Соңғы 3 ай ішіндегі сыйақылардың жалпы мөлшері			Барлығы соңғы 3 ай ішінде	Кейінгі 12 айға төлеуге жоспарланып отырған сыйақылар мөлшері
		2005 ж. шілде	2005 ж. тамыз	2005 ж. қыркүйек		
1	«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ директорлар кеңесі	Төленген жоқ	Төленген жоқ	Төленген жоқ	Төленген жоқ	Қаралмаған
2	«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың Басқармасы мен басқа да басшы тұлғалары	11 391 974	5 057 554	4 464 091	20 913 619	80 680 464
	Жиыны	11 391 974	5 057 554	4 464 091	20 913 619	80 680 464

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың ұйымдық құрылымы туралы мәліметтер № 1 қосымшада берілген.

Одан өзге, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың құрамына 10 облыстық және 5 шет елдегі өкілдік кіреді.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 320 адам, оның ішінде орталық аппарат қызметкерлерінің саны 123 бірлік, Облыстық өкілдіктер мен Астана қаласындағы іс басқармасында – 177 адам, шет елдік өкілдіктерде – 20 адам.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер

6 кесте.

№	Құрылымдық бөлімше	Қызметі	Аты-жөні.	Туған жылы
1		Сыртқы экономикалық қызмет департаментінің басқарушы директоры	Мұсабаев Әділ Нажмадинұлы	31.07.1975
2		Басқарушы директор	Князбаев Бөрібай Қалмұханбетұлы	19.05.1955
3		Басқарушы директор	Омаров Сапархан Кесікбайұлы	05.05.1968
4	Сыртқы экономикалық қызмет басқармасы	Бастық	Увашев Дәулет Нұрланұлы	01.06.1965
5	Қаржы басқармасы	Бастық	Витан Валентина Ивановна	08.07.1938

6	Бухгалтерлік есепке алуды және есеп беруді ұйымдастыру басқармасы	Бастық	Байзирова Нұргүл Әубәкірқызы	01.01.1975
7	Астықты есепке алу басқармасы	Бастық	Көшкімбаева Рахат Аманқұлқызы	01.01.1972
8	Сапаны бақылау және АҚК-мен жұмыс істеу басқармасы	Бастық	Секренёв Асқар Молдаұлы	26.03.1961
9	Мемлекеттік ресурстармен жұмыс істеу басқармасы	Бастық	Ахмалишев Қанат Бақтыбайұлы	06.05.1963
10	Коммерциялық ресурстармен жұмыс істеу басқармасы	Бастық	Оспанов Арман Асылханұлы	21.10.1973
11	Корпорацияның жұмысын үйлестіру басқармасы	Бастық	Наурызбаев Нұржан Төлегенұлы	15.07.1969
12	Заң басқармасы	Бастық	Қурбанова Светлана Федоровна	25.04.1972

3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері

Жалғыз акционер «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу және пайдалану құқығы берілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тұлғасындағы Қазақстан Республикасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың мемлекеттік акциялар пакетін билеу құқығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитетіне берілген.

19. Эмитент акциялардың он және одан да көп пайызына (үлестеріне) ие болған заңды тұлғалар туралы мәліметтер

7 кесте.

№	Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды (іс жүзіндегі) мекен-жайы	Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер	Қызмет түрі	Бірінші басшы туралы ақпарат	«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың Жарғылық капиталдағы үлесі
1	«Ақ Бидай Терминал» АҚ	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өмірзақ пос, «Ақтау теңіз сауда порты РМК аумағы	28.03.2005 ж. №6731-1943-АО	Астық теңіз терминалында астықты өткізу қызметі	Галямов Рафаил Равильевич	100%
2	«Астық қоймалары» ЖШС	010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 39/1	06.11.2003 ж. №14867-1901-ТОО	Астықты сақтау және қайта өңдеу	Балықбаев Магин Әдиятұлы	100%
3	«ҚазАстықТранс» ЖШС	050000, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 73а	28.04.2004 г № 37223-1910-ТОО от	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметін көрсету	Сартбаев Бауыржан Мейрамбекұлы	50%

4	«Сарапшы аграрлық компания» ЖШС	010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 39/1	22.10.04ж. №17486-1901-ТОО	Рынок конъюнктурасын зерттеу және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қызметінің мониторингі, а/ш бизнесін сараптау, АШТӨ-ге кепілдіктерді дайындау және беру	Шерман Александр Ильич	100%
5	«Бидай өнімдері» ЖШС	050000, Алматы қаласы, Толе би көшесі, 73а	06.07.2004 ж. №64223-1910-ТОО	Астық пен одан өңделген өнімдерді сату	Атайбеков Бахыт Ынтықбайұлы	100%

20. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ Қазақстан Республикасының аса ірі астық компанияларын біріктіретін (28 компания) «Қазақстан Астық Одағы» ЗТБ-ге қатысушы болып табылады.

«Қазақстан Астық Одағы» ЗТБ орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Отырар көшесі, 27.

Сондай-ақ «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ 1998 жылдан бастап GAFTA (GRAIN and FEED TRADE ASSOCIATION) мүшесі болып табылады.

GAFTA орналасқан жері: GAFTA House, 6 Chapel Place, Riving ton Street, LondonEC2A 3SH, Great Britain.

21. Эмитенттің басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

8 кесте

Лауазымды тұлғаның аты-жөні	Туысқаны (туысқандық дәрежесі)	Туысқанының аты-жөні	Туған жылы
1. Азимов Р.Д.	әйелі	Азимова Ж.М.	1965 ж.
	қызы	Азимова М.Р.	1975 ж.
	қызы	Азимова А.Р.	1990 ж.
	ұлы	Азимов Д.Р.	1995 ж.
2. Бисембаев А.А.	әйелі	Бисембаева Б.М.	1964 ж.
	ұлы	Бисембаев А.А.	1989 ж.
	қызы	Бисембаева А.А.	1993 ж.
3. Соллолұев А.А.	әйелі	Соллолұева И.Н.	1959 ж.
	ұлы	Панфилов И.А.	1980 ж.
	қызы	Іңкәрбаева В.А.	1983 ж.
4. Баттақов Е.Е.	әйелі	Баттақова Д.С.	1972 ж.
	ұлы	Баттақов А.Е.	1994 ж.
	қызы	Баттақова А. Е.	2001 ж.
5. Эльперин М.М.	әйелі	Эльперина Н.В.	1949 ж.
	ұлы	Эльперин Д.М.	1972 ж.
	ұлы	Эльперин Е.М.	1975 ж.

22. Эмитенттің аффилирленген тұлғаларының қатысуымен жасалған мәмілелер

Жасалған жоқ.

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістерді, оның ішінде Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттамасы

Мемлекеттік астық ресурстарын басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатымен «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың жоспарланған қызметінің негізгі бағыттары:

бірінші кезеңде көктемгі-жазғы қаржыландыру жолымен жаңа егін астығының өнімін мемлекеттік ресурстарға қою үшін фьючер келісім-шарттарының жүйесін қолдануды көздейтін мемлекеттік астық ресурстарына екі деңгейлі сатып алудың сұлбасын одан әрі дамыту, екінші кезеңде - спот-мәмілелер бойынша ішкі рынокта күзгі кезеңде, алдыңғы кезекте несиелеу бағдарламасына қатысу үшін қажетті кепілдік мүлкі жоқ ұсақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен астықты сатып алу. Осы сұлбаны қолданудың негізгі мақсаты отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау болып табылады;

- мемлекеттік сатып алу кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сапасы жоғары астықты өндіруін ынталандыру;
- көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тұқымдық астыққа қажеттігін қамтамасыз ету;
- жоғары сапалы, өнімділігі жоғары тұқымдардың аудандастырылған және перспективалық сорттарын тарту есебінен мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарының сапалық құрамын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтару шартымен тұқымдық қарыз беру тәртібін жетілдіру;
- мемлекеттік жемдік астық ресурстарын құс және мал шаруашылығының азықтық астыққа қажеттілігін қамтамасыз ету;
- астықтың экспортын кеңейту, астықты өткерудің тиімділігін, оның ішінде оны тасымалдау мәселелерін шешу жолымен арттыру;
- шитті мақтаны сатып алу мен қайта өңдеу.

Астықты мемлекеттік сатып алу

Мемлекеттік астық резервін қалыптастыру, сақтау және жаңарту, отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау және ішкі рынокта баға демпингін болдырмау мақсатында астықты мемлекеттік сатып алу Корпорацияның қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік астық резервін қалыптастыру сатып алудың екі деңгейлі сұлбасы бойынша жүзеге асырылады. Екінші деңгейдегі тұрақты банктердің кепілдіктерімен қамтамасыз етілетін жеткізу шартының негізінде астықты сатып алуды көктемгі-жазғы қаржыландыру осы сұлбаның бірінші кезеңі болып табылады. Астықты сатып алудың осы бағдарламасы егін ету мен жинау жұмыстарының алдында ЖЖМ, тыңайтқыш, тұқымдық материал, ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектер, басқа тауарлық-материалдық ресурстарды сатып алу үшін және астықтың өзіндік құнын төмендету үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ең қажет уақытта ақшалай қаражаттар алуға мүмкіндік береді, аралас салаларды – ауыл шаруашылығы химиясын, ауыл шаруашылығы машинасын жасауды дамытуды ынталандырады. Мұндай тәжірибе банк несиесінен гөрі банктік кепілдік мейлінше арзанырақ болатындықтан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің астықты өндіру мен жинауға арналған айналымдағы ақша қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде спот-мәмілелер бойынша күзгі кезеңде ішкі рынокта, бірінші кезектегі кредит алу бағдарламасына қатысу үшін қажетті кепілдік мүлкі жоқ ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден астықты сатып алу жүзеге асырылады.

Соңғы үш жылда астықты мемлекеттік сатып алу көлемдерінің өсу үрдісі байқалады, бұл отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік саясатын іске асырумен байланысты болып отыр.

2003 жылы Үкімет «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-қа 2003 жылғы егіннен 2,36 млн.тонна астық, оның ішінде мемлекеттік резервке оны жаңарту үшін 5,5 млрд.теңге сомасына 368 мың тонна және коммерциялық сатып алу жолымен 31,8 млрд.теңге сомасына 2 млн.тоннаны сатып алуды тапсырды. Корпорация 2003 жылы бағаларды тұрақтандыру үшін мемлекеттік резервтен ішкі рынокқа 300 мың тонна астық сатты. Одан өзге, 2004 жылы Қазақстан Республикасында ұн мен нан-бөлке өнімдеріне ішкі бағаларды тұрақтандыру және оның өсуін болдырмау мақсатында ішкі рынокта 805 мың тонна көлемдегі астықты сату шарттарына қол қойды.

2003 жылы Корпорация мемлекеттік ресурстарға көлемі 194,9 мың тонна (оның ішінде көктемгі-жазғы қаржыландыру жолымен 149,4 мың тонна, күзгі сатып алу арқылы – 45,5 мың тонна) астықты 3,9 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алды. Барлығы мемлекеттік резервтегі азық-түліктік астық 2004 ж. 1 шілдеге дейін 600,0 мың тонна көлемінде қалыптастырылды.

2004 жылы «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ мемлекеттік ресурстарға 6,2 млрд.теңге жалпы сомасына 464,1 мың тонна астық (оның ішінде көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы – 230,4 мың тонна, күзгі сатып алу арқылы – 233,7 мың тонна) сатып алынды. Бұл ретте 2004 жылы мемлекеттік резервтен 183,6 мың тонна астық сатылды.

2005 жыл ішінде 6,2 млрд.теңге жалпы сомасына көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы 362,7 мың тонна, тікелей күзгі сатып алу арқылы 187,2 мың тонна астық сатып алынды.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ мемлекеттік азық-түліктік, жемдік, тұқымдық астық ресурстарын сатып алу және астықты сату

9 кесте.

Жыл	САТЫП АЛУ			САТУ		
	Азық-түліктік астық	Жемдік астық	Тұқымдық астық	Азық-түліктік қажеттікке	Тұқым	Жем
2003	194,9	-	-	552,8	9,582	7,8
2004	464,19	-	24,930	102,5	7,345	547,29
2005 (9 ай)	94,295	-	-	406,513	15,436	-

Астықты коммерциялық сатып алу

Корпорация сондай-ақ Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерден тартылған кредиттік ресурстар есебінен астықты коммерциялық сатып алуды жүзеге асырады.

Осы сұлбада сатып алу операторы, экспортшысы, қарыз беруші және кепіл беруші Корпорация, ал кредит беруші, кепілзатты ұстаушы шет елдік банктер мен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылады.

Коммерциялық сатып алу көлемдері де өсіп келеді, бұл соңғы жылдары астық өнімінің өсуімен байланысты.

Мысалы, 2002 ж. коммерциялық сатып алу бойынша 971,2 мың тонна астық сатып алынса, ал 2003 ж. 1600,3 мың тонна астық сатып алынды, бұл 2002 ж. көрсеткіштен 629,1 мың тоннаға немесе 65%-ға асып отыр. 2003 ж. коммерциялық сатып алу бойынша негізгі қаржылар сомасы 33,2 млрд. Теңгені құрады.

Коммерциялық сатып алу бойынша сатып алынған астық көлемдерінен 2003 ж. 1 347,2 мың тонна астық сатылды, бұл 2002 жылға қарағанда 946,9 мың тонна артық.

2004 жылы «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ коммерциялық ресурстарға 19 792,2 млн.теңге сомасына 1 467,6 мың тонна сатып алынды. 2004 жылы коммерциялық ресурстардан 1 818,0 мың тонна астық сатылды

2005 жылғы 9 ай ішінде «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ коммерциялық ресурстарға 968,32 мың тонна астық сатып алынды, 258,7 мың тонна астық сатылды.

Сонымен, астықты коммерциялық сатып алуды іске асырудың сұлбасы:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өздерінің өсірген өнімін қолайлы бағалармен кепілді өткізу қамтамасыз етуге;
- астық бағасының төмендеуін болдырмауға;
- мемлекеттің экспорттық саясатын үйлестіруге;
- астықтың экспортын ұлғайтуға;
- ауыл шаруашылығы өндірісіне қосымша инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Корпорация жүзеге асырған коммерциялық сатып алу мен астықты сату

10 кесте.

Жыл	МЫҢ ТОННА	
	Коммерциялық сатып алу	Сату
2002	971,2	400,3
2003	1600,3	1347,2
2004	1467,6	1 818,0
2005 (9 ай)	968,32	258,7

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қалыптастыру мен сақтауды қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының жұмылдыру мұқтаждықтары мен азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік резервтегі азық-түліктік астықты сақтау Корпорация қызметінің маңызды бағыттарынан бірі болып табылады. Қазіргі таңда жоғары сапалы астықтан тұратын мемлекеттік резервтегі азық-түліктік астық белгіленген көлемде қалыптастырылып және сақталып отыр.

Мемлекеттік резервтегі азық-түліктік астықты жыл сайын жаңарту және соған орай мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан өткен жылдардағы астықты жоспарлы түрде сату жүргізіледі. Мемлекеттік резерв Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында тендерлік негізде іріктелген 40-тан аса астық қабылдау кәсіпорнында орналастырылған. Мемлекеттік резервтегі азық-түліктік астық пен алыс-беріс астығы орналасқан мемлекеттік элеваторлардың желісі дамытылуда, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау үшін республикалық бюджетте жыл сайын оны сақтауға ақшалай қаражаттар көзделген.

Республиканың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін тұқымдық астықпен қамтамасыз ету

Республиканың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету мақсатында «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарын қалыптастырады. Тұқымдық астық тұқымдық несиелер түрінде беріледі. 2004 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ 80,9 мың тонна көлемінде мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарын қалыптастырды, бұл ретте, 2004 ж. көктемгі кезең ішінде 75,6 мың тонна қарыз (тиісінше 2003 ж. – 67,9 мың тонна және 58,3 мың тонна, 2002 ж. - 120 мың тонна және 24,5 мың тонна, 2001 ж. – 130 мың тонна және 97,3 мың тонна) берілді.

2005 ж. «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ белгіленген тәртіппен тұқымдық несиелерді беру тәжірибесін жалғастыруда. Сондай-ақ тұқым 2004 жылдағыдай алдын ала төлеу шартымен ақшалай қаражатқа сату және екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерімен қарызға беру жолымен беріледі.

2005 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік астық ресурстары 101,4 мың тонна көлемінде қалыптастырылған. Оның 34,9 мың тоннасы көктемгі кезеңде несиеге берілді, ақша қаражатына 15,4 мың тонна сатылды.

Мал және құс шаруашылығының азыққа мұқтаждықтарын қамтамасыз ету

Елдің мал және құс шаруашылығының азықтық мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мақсатында Корпорация белгіленген көлемдерге сәйкес мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастырады және қайтарылатын және коммерциялық негізде банктік кепілдік берілетін кезде жемдік несиені береді.

Қазақстан астығын әлем рыноктарына шығару

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ отандық астықты әлемдік рынокта сату мақсатында экспорттық операцияларды белсенділікпен жүзеге асыруда және Қазақстаннан астықты шығаратын ең ірі экспортшыларының бірі болып табылады. Соңғы жылдары Ресей, Иран, Ауғанстан сияқты елдерге астықты жеткізді.

2004 ж. ішінде Корпорация жасалған келісім-шарттар бойынша экспортқа 114,1 мың тонна астық (2002 ж. - 466 мың тонна, 2003 ж. – 835 мың тонна) жеткізді.

Жаңа рыноктарды игеру Корпорацияның экспорттық саясатының маңызды бағыты болып табылады.

Қытайдың, Ауғанстанның, Каспий маңы мемлекеттерінің, атап айтқанда Иранның рыноктары қазіргі таңда алыстағы басқа шетелдермен салыстырғанда неғұрлым перспективалы астық рыноктары болып табылады. Сонымен қатар Қазақстанның астық егетін аймақтарынан Ақтау теңіз айлағына дейін астықты тасымалдау негізгі мәселе болып қалуда. Теңіз жолы арқылы Каспий маңы елдеріне Қазақстан астығының экспортын ұлғайту мақсатында Ақтау портында астық терминалын салу жүзеге асырылды. Осы астық терминалы Қазақстан астығын теңіз тасымал дәлізі бойынша тиеу көлемін ұлғайтуға және Иран, Әзірбайжан және басқа елдер сияқты астықтың дәстүрлі ірі импортшыларының рыноктарында берік орындар алуға мүмкіндік бермек. Осы жобаны қаржыландыру Корпорацияның қатысуымен тартылған несиелік ресурстар есебінен жүзеге асырылды.

2006-2010 ж. Корпорацияның алдында төмендегідей негізгі міндеттер тұр:

- 2006-2010 жылдарға арналған аграрлық азық-түліктік саланы дамыту концепциясын іске асыруға қатысу;
- мемлекеттік астық ресурстары астығының сақталуын қамтамасыз ету;
- отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден коммерциялық ресурстарға астықты және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын сатып алу;
- республикада көктемгі дала жұмыстарын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қайтару кепілдігі шартымен тұқымдық астықты қарызға беру тәжірибесін жалғастыру;
- қазақстан астығын әлем рыноктарына шығару және дәстүрлі рыноктардағы орнын нығайту жұмысын жалғастыру;
- мемлекеттік астық резервін сақтауға, мемлекеттік резервке астық сатып алуға, мемлекеттік астық резервін ауыстыруға ақы төлеу бойынша бюджеттік бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету;
- Жеңілдік шартымен АШТӨ-н әрі қарай кредит беру ісін жалғастыру.

1) Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қазақстан рыногында жылына 100 мың тоннадан аса көлемдегі астықты сататын, астықты сатып алу және сатумен айналысатын бірнеше ондаған компания жұмыс істейді.

Корпорацияның астық рыногындағы негізгі бәсекелестері мына компаниялар болып табылады:

- «Агро-Инвест» ЖШС. Компанияның бір жолғы жалпы сыйымдылығы 928 мың тонна, астықты сақтайтын жеті элеваторы бар. Элеваторлар Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан;
- «Зерновая Индустрия» ЖШС; Компанияның Астраханда астық терминалы, Қостанай облысында элеваторы бар.
- «Биско» холдинг компаниясы. Компания Қостанай облысының 4 ауданында орналасқан, жалпы ауданы 120 мың га-дан асатын 9 ауыл шаруашылығы кәсіпорнына ие;
- «Иволга-Холдинг» ЖШС. Астықты сақтау компаниясының терминалдарының жалпы көлемі 1 171 мың тоннаны құрайды, Холдингтің Қостанай облысында астық егумен айналысатын 10 совхозы бар.
- «Агроцентр-Астана» ЖШС. Компанияның және жалпы жұмыс қуаттылығы 762 мың тонна бес желілік элеваторы мен үш астық қабылдау пункті бар, оның ішінде желілік - 630 мың тонна;
- Гленкор. Гленкор Интернешнл АГ – металдарды, минералдарды, энергетика және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару, тазалау, өңдеу және маркетингілеу жөніндегі компаниялардың тобы. Гленкор компаниясы өндірушіден негізінен тауарларды сатып алып және машина жасау, болат өнеркәсібі, жылумен және энергиямен жабдықтау, диірмендер сияқты индустриалдық салаларға осы тауарларды қоя отырып, әлемдегі биржалық тауарларды сатып алумен және маркетингімен айналысады. Өндірушілерге және тауарларды тұтынушыларға жабдықтау қызметін көрсетумен қатар, Гленкор сондай-ақ қаржы, логистикалық және маркетингілік қызмет көрсетеді.
- «Корпорация АПК-Инвест» ЖШС-тің шамамен 16 шаруашылығы, 6 элеваторы бар.
- «Батт-Агро» ЖШС. Астық өндірудің жалпы жылдық көлемі 200 мың тонна, астық экспорты жылына 650 мың тоннадан асады. Компанияның бір жолғы сыйымдылығы 485 мың тонна астықты сақтайтын 4 астық элеваторы бар.
- «Алтын Бидай 2000» ЖШС. Компанияның астық дақылдарын экспорттық жеткізілімдері (бидай, арпа) жылына 150 мың тоннаны құрайды.

Астық рыногындағы бәсекелестік деңгейі аса жоғары. Қатысушылардың ешқайсысы (ірі компанияларды да есепке алғанда) рыноктың біраз бөлігін бақыламайды. Өнім бүтіндей алғанда бірдей, сондықтан негізгі фактор баға болып табылады.

Бағаны төмендетудің аса тиімді механизмі өндірістік шығыстарды қысқарту (негізінен сатып алу

бағаларын төмендету есебінен). Ірі коммерциялық компаниялардың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемде және күзде аванс берген жағдайда алдағы жылғы егін астығын арзан сатып алуға мүмкіндігі бар. Мұндай бизнестің толық циклі 9 айдан 15 айға дейін және оның рентабельділігі 40%-ға дейін жетуі мүмкін. Соның салдарынан элеваторлардың ауқымды желілері мен қайта өңдеу қуаттарына ие болу, сондай-ақ астық дақылдарын өздері өсіру арқылы арзан астықты жеткізуге қол жеткізу үшін бәсекелестік күресі өріс алуда.

Бүгінде астық компанияларын ірілендіру үрдісі байқалып отыр және таяу арадағы 3-4 жылда бұл астық рыногының барлық қатысушыларына айтарлықтай әсер ететін болады. Астық өсіретін, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге аванс беретін, астықты сақтаумен, өңдеумен және өткізумен айналысатын ірі вертикаль холдингтер негізгі рөл атқармақ.

2) Эмитенттің қызметін Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық және орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстырудың мүмкін боларлық сипаттамасы

Корпорация Қазақстанның ірі астық компанияларының бірі. Бұған рыноктағы Корпорацияның астықты сатып алу және сату операциялары бойынша алатын үлестері куә.

Корпорация қызметінде экспорттық операциялардың маңызы аз емес, көлемдері бойынша Корпорацияның үлестері 2003 ж. астық экспортының жалпы көлемінің шамамен 17-18% (2001 ж. – 3,6%, 2002 ж. – 10,6%) құрайды.

6 еншілес кәсіпорындардың, оның ішінде экспедиторлық, 6 астық қабылдау кәсіпорындарының барлығы және Ақтау портындағы астық терминалы, сондай-ақ 2006 жылы Баку портында астық терминалын салу Корпорацияға Қазақстандағы басқа астық экспортшыларының алдында бәсекелес басымдылығын қамтамасыз етеді және өндіріс шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді, бұл рынокта алатын үлесін ұлғайтуға септігін тигізбек.

3) Саланы болашақта дамытуға және Эмитенттің осы саладағы орнына қатысты болжам

Қазақстан Республикасының экономикасында аграрлық кешен жетекші орындардың бірінде. Қазақстан тауарлық астықтың ірі өндірушісі болып табылады. Ауыл шаруашылығы алаңдары 220 млн. гектардан асады. Астық егілетін алаңдар 13-14 млн. гектарды құрайды.

1986-1990 жж. орташа жылдық астық өндіру республикада 24 млн. тоннадан асып отырды, немесе әлемдік астық өндірудің 1,5%-ын құрайды. Қазақстанның әлемдік экспорттағы осы кезеңдегі үлесі аса жоғары болды, орташа жылдық көлемі 4,6 млн. тонна болғанда - 2,3%-ға жуық. Кей жылдары республика 10 млн. тоннадан аса астықты экспортқа шығарды. 2002 ж. Қазақстанның әлемдік астықты өндірудегі үлесі 1% шамасында, әлемдік экспортта - 1,4% болды. 2004/2005 маркетингтік жылы жалпы әлемдік астық экспорты 109,3 тонна және әлемдік астық өндірісі 723,2 млн. тонна көлемінде болып отырған кезде Қазақстан 2,1 млн. тонна (1,92%) астықты экспортқа шығарды.

Қазақстанның астық рыногының дамуына жақсы алғышарттар бар:

Біріншіден, республика бай жер ресурстарына ие: ел аумағының 74%-ы ауыл шаруашылығына қолайлы жерлерден тұрады.

Екіншіден, Қазақстандағы табиғи-климаттық жағдайлар астықтың алуан түрлерін, оның ішінде астықтың қатты, күшті және бағалы сорттарын өсіру үшін қолайлы.

Үшіншіден, әлем рыногында астыққа сұраныстың өсуінің ұзақ мерзімді үрдістері Қазақстан астығын экспорттық өндіруді дамытуда оңды болып табылады.

Төртіншіден, агроөндірістік кешенді мемлекеттің қолдауы соңғы жылдары агроөндірістік кешеннің дамуын тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы өнімдері мен одан өңделген өнімдердің өндірісін ұлғайтуда ілгерілеу байқалып отыр. Азық-түлікті импортқа алу деңгейі төмендеуде, жабдықтармен және ауыл шаруашылығы техникаларымен жарактандыру өсіп отыр. Бұдан әрі қарай дамытуды қамтамасыз ету үшін республикада 2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешенін орнықты дамыту концепциясы әзірленіп іске асыруға қабылданды.

Қазақстан астық өндіру деңгейі бойынша Ресейден және Украинадан кейін ТМД-да үшінші орында, экспорт бойынша - Ресейден кейін екінші орынға ие. Республикадағы өсімдік шаруашылығы жалпы өніміндегі астықтың үлесі 50%-ға дерлік жетеді, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде - 25%-дан асады.

Соңғы жылдары қазақстандық экспорт құрылымында астықтан қайта өңделген өнімдер (ұн және жарма) экспортының өсуінің экономикалық тұрғыда пайдалырақ және тиімдірек оңды үрдісі байқалды.

2000 жылға дейін Қазақстан астығының негізгі импортшысы Ресей болды. Бұл климаттық жағдайлармен, Ресейде астық өнімділігінің төмен болуымен байланысты болды.

Соңғы жылдары Қазақстан бидай экспортының географиясын айтарлықтай кеңейтті және көлемін

ұлғайтты. Егер 2001 ж. республика бидайды 23 елге экспортқа шығарса, 2002 ж. 37 елге экспортқа шығарды. Рыноқтың экспорттық әлеуеті 2003-2004 маркетингтік жылы 5-6 млн. тоннаны, ал 2005/2006 жылы шамамен 4 – 4,5 млн.тоннаны құрайды.

Астықтың басым көлемі ТМД және Орталық Азия елдеріне қойылады, одан кейін Таяу Шығыс, Еуропа мен Солтүстік Африка мемлекеттері. Бұдан басқа соңғы жылдары қазақстан астығының импортшыларынан басқа дәстүрлі емес деп аталатын сатып алушылары (20-дай ел) пайда болды.

Қазақстан астығының экспортын тұрақтандырушы факторы рыноктағы ТМД ортаазия республикалары, Ауғанстан, Әзірбайжан және Иран тараптарынан туып отырған сұраныс болып табылады. Бұл сұраныс негізгі дақылдың – азық-түліктік бидайдың бағасын негізінен қалыптастырады. Еуропа елдері тарабынан протеиннің деңгейі жоғары бидайға деген тұрақты сұраныс бар. Алайда Еуропаға Қазақстан астығының экспортын Ресей аумағы бойынша транзитпен өткізудегі тарифтердің жоғарылығы кідіртуде.

Республикада астық тасымалдау үшін көлік коммуникацияларын кеңейту мен жетілдіру жүргізілуде.

Қазақстан Каспий маңы аймағында сауданы дамытуды ойластыруда, бұл үшін 2006 жылы Баку портында астық терминалын салу және 2007-2008 жылдары Иранда астық терминалын салу жоспарланып отыр, Иранға астық экспортын ұлғайту үшін темір жол тармағын тартуды жоспарлап отыр. Иранға астық экспортын ұлғайту үшін Қазақстан астығының негізгі бөлігі өндірілетін елдің солтүстік аудандарымен қосатын, жұмыс істеп тұрған Хромтау тармағынан батысқа, Ақтау айлағына қарай Алтынсарин-Хромтау темір жол тармағын салу есебінен қазір Өзбекстан мен Түркменстан арқылы транзитпен жүзеге асырылатын тасымалдау шығынын қысқартуды ойластыруда.

Қазіргі таңда астықтың әлемдік рыногын бес экспортшы: АҚШ, Канада, Австралия, Аргентина және ЕҚ бақылайды. Экспортшы негізгі «бестік» тарапынан астықтың жиынтық экспорттық ұсыныстары әлемдік сауданың жалпы көлемінің 84%-дан астамын құрайды. Елдердің әлем рыногына ықпал ету дәрежесінің әсерін анықтайтын негізгі көрсеткіштер:

біріншіден, әлемдік саудадағы үлесі;

екіншіден, ауыспалы запастардың елдегі орташа жылдық ішкі тұтынуына қатынасы.

Осы екі көрсеткіш бойынша бүгіндері АҚШ көш басында тұр, тиісінше, АҚШ әлемдік астық рыногында жетекші орында, оның сауданың жалпы көлеміндегі үлесі 28%; одан әрі Канада – 17%, Австралия және ЕҚ – 15%-дан және Аргентина – 11%.

Әлемдік рынокта тұрақты мамандану қалыптасты: астық өндіру негізгі дамыған елдерде шоғырлануда, ал көптеген дамушы елдер астық импортына амалсыз баруда, одан өзге, әлемде астық жеткілікті өндіріліп отырғанмен де астықпен қамтамасыз ету проблемалары, әсіресе, астықтың импорттық жеткізілімдерін қаржыландыруға қаражаты жоқ өте кедей елдер үшін өзекті болып отыр. Қазіргі таңда әлемдік астық рыногында өзгерістер жүріп жатыр және төмендегі өзгерістерді байқауға болады: АҚШ пен Канадада егістер қысқарды; ірі экспортшы елдерде ауыспалы запастар азайды; рынокқа Ресей, Украина, Қазақстан және Түркия сияқты жаңа экспортшы елдер кірді.

Соңғы он жылда әлемдік рынокта астық өндірісін интенсификациялау үдерісі жүріп жатыр.

Егіс алаңдары 5,5%-ға қысқартылып отырған кезде жалпы астық жиналымы 2,4%-ға өсті, астық дақылдарының орташа өнімділігі 8,5%-ға өсті. Өндірісті ұлғайтуға пайдалану көлемінің және әлемдік астық саудасының тиісінше 4% и 7,3%-ға өсуі стимул болды.

АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2001-2002 жж. әлемдік астық өндірісі 10 млн.тоннаға төмендеді, әлемдік сауда және астықты ішкі пайдалану көлемдерін тиісінше 1,2 млн.тоннаға және 14,3 млн.тоннаға ұлғайды. 2001 жылдың аяғында 2002 жылдың басында астықтың әлемдік қалдықтары 291 млн.тоннаны құрады. Бұл соңғы он жыл ішіндегі ең төмен көрсеткіш.

2003-2004 жылдары жемдік астық саудасы 106 млн.тонна болып отырған кезде азық-түліктік бидайдың әлемдік саудасы 101 млн.тоннаны құрады (соңғы 5 жыл ішіндегі төмен деңгей). Бұл дәстүрлі емес экспортшылар категориясына жататын мемлекеттердің көпшілігінде астықтың шығымсыздығына, сондай-ақ бірқатар әлемдік елдерде оны тұтыну деңгейінің төмендеуіне байланысты. Еуропа елдері үшін астық бойынша бағалау 1,4 млн.тоннаға – 90,6 млн.тоннаға дейін төмендеді. Қатты аяздардан егіс алқаптарының басым көпшілігі құрып кеткендіктен Ресей мен Украинада өнім өте төмен болды. Индияда да астық өндірісі көлемінің төмендеуі байқалды. Иран, Марокко, Алжир, Тунис секілді импортшы елдердің астықты тұтынуды төмендетуі әлемдік рынокқа әсер етеді.

Әлемдік астық рыногының даму тенденциясын талдау қысқа және ұзақ мерзімді перспективада әлемдік астық өндірісі, тіпті жақын арадағы 20 жылда жыл сайын планета халқының 80 млн.адамға көбеюі күтіліп отырған жағдайда, астық өндірісінің өніміне деген сұранысты толық қанағаттандыратынын атап өтуге мүмкіндік береді.

Әлемдік астық өндірісін одан әрі өсіруді кідіртуге қабілетті теріс үрдіс ретінде астық егістеріне жарамды жер алаңдарының шектеулілігін көрсетуге болады, бұл урбанизацияның жоғары дәрежесімен және орман алқаптарын сақтау қажеттілігімен, іске қосылмаған жерлерді одан әрі тартуға орай экологиялық шиеленісумен, су ресурстарының шектелуімен, ауыл шаруашылығы өндірісін жалпы қаржыландырудың

қысқартылуымен байланысты.

24. Эмитенттің қызметіне кейіннен елеулі ықпал етуі мүмкін эмитент жасаған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер

Эмитенттің қызметіне елеулі әсер еткізуі мүмкін келісім-шарттар, келісімдер жасалған жоқ.

25. Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыру үшін алған, құжаттың күні мен нөмірі, жарамдылық мерзімі мен құжатты берген орган көрсетілген лицензиялары, патенттері, рұқсат беру құжаттары туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында көзделген ұлттық валютада операцияларды (қарыз) өткізуге арналған Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің 2005 жылғы 22 ақпандағы № 46 лицензиясы.

26. Соңғы екі жыл ішіндегі және 2005 жылғы 9 ай ішіндегі сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері.

«2005 жылға астықты мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына сәйкес мемлекеттік астық ресурстарына 2005 жылғы егіннің астығын сатып алу көлемі анықталды. Мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу және сату көлемдері 9 кестеде көрсетілген.

Одан өзге, Корпорация коммерциялық сатып алу бойынша сатып алынған астықты сатып алу, сақтау және сатуды жүзеге асырды.

Корпорацияның 2003-2004 жылдары және 2005 жылғы 9 ай ішінде мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу, сақтау және ауыстыру бойынша бюджеттік бағдарламаларды орындауы

11 кесте.

№	Бюджеттік бағдарлама	Бөлінген бюджеттік қаржылар, мың теңге	Игерілген бюджеттік қаржылар, мың теңге	Астықтың жоспарланған көлемі, тонна	Іс жүзінде орындалғаны, тонна
2003 ж					
1	№43 Мемлекеттік астық ресурстарына 2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу	5 500 000	3 914 157	368 000	194 913
2	№47 мемлекеттік астық ресурстарын сақтау	801 555	797 707	500 000	500 000
3	№51 мемлекеттік астық ресурстарын ауыстыру	21 000	20 997	24 902	24 898
Жиыны:		6 322 555	4 732 861		
2004 ж					
1	№100 мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу	6 208 382	6 208 382	464 194,74	464 194,74
2	№ 101 мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау	873 871	873 705,02	500 000	500 000
3	№ 101 мемлекеттік азық-түліктік астық резервін ауыстыру	21 000	21 000	24 382	24 382
4	№ 102 Өндірісті қолдау және астық рыногын дамыту	85 753	85 753	-	-

	Жиыны:	7 189 006	7 188 840,02		
	2005 ж (9 ай)				
1	№100 мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу	6 208 382	4 361 732	549 998	386 404
2	№ 101 мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау	832 980	540 959	500 000	500 000
3	№ 101 мемлекеттік азық-түліктік астық резервін ауыстыру	21 000	21 000	24 382	24 382
4	№ 102 өндірісті қолдау және астық рыногын дамыту	7 000 000	6 938 725	-	-
	Жиыны:	14 062 362	11 862 416		

27. Эмитентті қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ қызметі оң және теріс факторлардың ықпалына ұшырауы мүмкін.

Оң факторлардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. әлемдік астық рыногының қолайлы конъюнктурасы;
2. Қазақстанда соңғы жылдардағы астықтың тұрақты өнімдері;
3. халықаралық стандарттарға сай келетін Қазақстан астығының жоғары сапасы;
4. елдегі экономикалық жағдайдың тұрақтылығы.
5. АӨК дамытуды мемлекеттік дамыту, оның ішінде республикалық бюджеттен Корпорацияны қаржыландыруды (Жарғылық капиталды) ұлғайту;

Қазақстанның әлемдік порттардан және терминалдардан қашық жатуы, демек Қазақстан астығының әлемдік рыноктардағы бәсекелесу қабілеттіін төмендететін жоғарғы көлік шығындары сауданың кірістілігіне теріс әсер ететін фактор болып табылады.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Корпорация жеткізушілермен, сондай-ақ өзінің өнімін тұтынушылармен жұмысқа көп көңіл бөледі.

Корпорация жеткізушілермен жұмыс істеуде астықты сатып алудың екі деңгейлі сұлбасын (көктемгі - жазғы қаржыландыру және күздік кезеңдегі астықты сатып алу) пайдаланады.

Корпорация астықты сатуды мемлекеттік астық ресурстарынан, сондай-ақ коммерциялық сатып алу жолымен сатып алынған астықтың есебінен жүзеге асырады. 2003/2004 және 2004/2005 маркетингтік жылдары ішкі рынокта сатылған астықтың жалпы көлемінің көп бөлігін алады.

Корпорацияның негізгі жеткізушілері орташа алғанда 10 мың тоннаға тарта астық сататын ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер болып табылады, соған байланысты ірі жеткізушілерді бөліп көрсету мүмкін емес.

Соңғы жылдары астықтың жеткілікті түрде тұрақты және мол өнімдеріне, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік саясатын іске асыруға, сондай-ақ соңғы жылдары жолға қойылған және сыналған сатып алудың екі деңгейлі сұлбасымен байланысты болашақта Корпорацияның астықты отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден сатып алуына қатысты проблемалар туындамайды.

Корпорацияның өнімін негізгі сатып алушылар отандық астықты қайта өңдейтін және сататын компаниялар, сондай-ақ қазақстан астығының шетелдік импортшылары болып табылады.

Астықты экспортқа сату Корпорация қызметінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл ретте осы бағытта жұмыс істелген жылдар ішінде жеткізу сұлбалары пысықталып, Корпорация өнімінің сенімді тұтынушылары болып табылатын белгілі халықаралық компаниялармен ынтымақтастық жолға қойылды.

Эмитенттің өнімдерін тұтынатын ірі тұтынушылар (импортшылар) туралы мәліметтер

12 кесте.

Жұмыс кезеңі	Экспорттың жалпы көлемі, тонна	Аса ірі импортшылар	Экспорт көлемі, тонна	Экспорттың жалпы көлеміндегі салыстырмалы салмағы (%)
2003 ж.	835 072	Гленкор Интернешнл	375 005,00	45
		Сильвергта Трейдинг Компани ЛДА	329 839,00	39,5
		Росхлебопродукт	59 290,11	7,1
2004 ж.	113 168	Сильвергта Трейдинг Компани ЛДА	88 614	77,62
		Актэкс	9 996	8,76
		Альфред Топфер Интернешнл	7983,174	6,99

Жоғары сапалы бидай мен басқа да астық дақылдарын өндіруге дәстүрлі түрде маманданған Қазақстанның экспорттық астық әлеуетін арттыру мәселесін шешуде Ресейдің, Украинаның аумағынан астықтың транзиті кезінде темір жол тарифтерінің төмендетілген коэффициенттер мөлшерін белгілеудің маңызы аз емес. Қазақстан астығы құнының бәсекелесу қабілеттілігін қамтамасыз ету тарифтердің теңдігі мен бір мезгілденуі кезінде ғана мүмкін болады. Алайда ТМД елдерінде темір жолдармен жүктердің тасылуына арналған баға құрылымына көзқарас әртүрлі, бұл Қазақстан астығының әлемдік рыноктағы бәсекелесу қабілеттілігін қамтамасыз етуде теріс фактор болып табылады.

Әлеуетті сатып алушылар тарапынан жеткізілетін бидайдың сапасына жоғары талаптардың қойылуы мен бәсекелестік Таяу және Орта Шығыс, Еуропа мен Азия елдерінің жаңа астықты өткізу рыноктарына шығумен байланысты.

2006 жылы қазақстан астығының экспорты көлемін ұлғайту үшін Баку портында астық терминалын салуға республикалық бюджеттен 400 млн.теңге бөлінеді. Осы инвестициялық жобаны іске асыру үшін тең түрде әзірбайжан жағымен бірлескен кәсіпорын құрылады (50/50). „Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы“ АҚ тарапынан „Ақ Бидай Терминал“ АҚ болады. Корпорацияның 2006-2008 жылдарға арналған даму жоспарында перспективті жоба Поти портындағы (Грузия) астық терминалын салу болып табылады.

29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін өзекті факторлар

1) Эмитент қызметінің маусымдылығы, Эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері және олардың Эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі

Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиямен анықталатын өз ерекшеліктері бар. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ең басты негізгі салалық ерекшелігі - табиғи шарттарға тәуелділігі. Өсімдік шаруашылығында өнімділік көбінесе топырақтың табиғи құнарлылығымен, адамдарға тәуелді болмайтын ауа райы жағдайларымен анықталады. Ауыл шаруашылығының екінші ерекшелігі - жұмыстардың маусымдылығы. Республиканың ірі астық экспортшысы, мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агент ретіндегі Корпорацияның қызметі маусымдылық ықпалына ұшыраған.

Астық рыногы анық сезілетін маусымдылыққа ие – көктем мен жазда, өнім қорлары аяқталатын маусым мен шілдеде, ал жаңа өнім рынокқа әлі жетпеген кезде ерекше бағалардың өсу шегі. Әдеттегідей, қаңтардан маусымның ортасына дейін сату көлемдері салыстырмалы түрде тұрақты болады. Сондай-ақ астық рыногының бірқатар арнайы ерекшеліктері бар, ең алдымен, оның жоғары дәреже монополиясыздандырылуы. Бүгіндері республикада 130 мыңнан аса фермерлік шаруашылық және ауыл шаруашылығымен айналысатын 5 мыңнан аса мемлекеттік емес заңды тұлға жұмыс істейді. Жыл сайын астық жинау маусымында мыңдаған шаруалар рынокта астықтың көлемін бір мезгілде ұсынады, оған тұтыну сұранысы жыл ішінде бір қалыпты бөлінеді. Әдеттегідей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің астықтың жаңа өнімін сатуы астықты жаппай жинау кезеңінде басталады. Маусымның ортасынан қыркүйекке дейін сату көлемі күрт өседі. Астықтың көп бөлігі тамыз-қазан айларында сатылады. Маусымдық фактор сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық жағдайына да ықпал етеді. Статистика ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігінің желтоқсанға қарай барлық тауарлық астықты сатып болатынын көрсетіп отыр. Сонымен көктемде баға өскенде пайда трейдерлерге, оның ішінде „Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы“ АҚ-қа тиеді.

Бұл тек Қазақстанға ғана тән емес. Астық егетін елдер тұрақты рынок бағаларын ұстап тұру үшін ішкі рынокқа мемлекеттік сатып алу интервенцияларын жүргізу тәжірибесін қолданады.

Бағаларды реттеу мақсатында Корпорация астық өндейтін кәсіпорындардың ішкі рыногындағы бекітілген бағалар бойынша астық өткізу тәжірибесін қолданады.

Сатылатын астық ресурстарының интервенциясы нан өнімдеріне бағаның негізсіз өсуін болдыртпауды

көздейді, рынокты тұрақтандырады және қоғамда әлеуметтік шиеленістің орын алуына жол бермейді.

Сонымен, Корпорация қызметінің отандық тауар өндірушілердің маусымдық факторларына ықпалды бәсеңдету мақсатындағы негізгі бағыттары:

- астықты мемлекеттік ресурстарға екі деңгейлі сатып алу сұлбасын іске асыру;
- ішкі рынокта спот-мәмілелер бойынша астықты күзгі кезеңде сатып алуды жүзеге асыру;
- қолайлы конъюнктура кезінде астықты сату мақсатында өз элеваторларында және бөгде элеваторларда астықты ұзақ сақтау мүмкіндігі.

2) эмитент жеткізетін (көрсететін) шикізаттың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі эмитенттің экспортқа сататын өнімінің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) үлесі.

Корпорация шикізатты, жабдықтарды импортқа алуды, қызмет көрсетулерді жүзеге асырмайды.

Эмитент өнімінің жалпы сатылу көлеміндегі экспорт үлесі

13 кесте.

№	Тұтынушы	Ел	Өнімнің атауы	Өнімді сату көлемдері, теңге	Сатудың жалпы көлеміндегі үлес, %
1	"Гленкор Интернешнл АГ"	Иордания	Азық-түліктік бидай	5 864 445 000,00	21,12
2	"Гленкор Интернешнл АГ"	Италия	Азық-түліктік бидай	618 178 554,22	21,12
3	"Сильвергга Трейдинг Компани ЛДА"	Бельгия	Жемдік арпа	837 970 628,77	15,62
4	"Сильвергга Трейдинг Компани ЛДА"	Тунис	Азық-түліктік бидай.	518 300 827,07	15,62
5	"Агродан Лимитед"	Судан	Азық-түліктік бидай	570 491 368,40	1,72
6	"Гленкор Интернешнл АГ"	Сауд Аравиясы	Жемдік арпа	354 036 066,11	21,12
7	Хронос	Украина	Азық-түліктік бидай	60 167 054,58	0,18
8	АгроТрейдинг Груп	Азербайджан	Азық-түліктік бидай	75 483 009,00	0,23
9	Федкоминвест	Украина	Азық-түліктік бидай	119 564 920,00	0,36
10	Альфред Топфер Интернешнал	Украина	Азық-түліктік бидай	57 945 166,34	0,17
11	Новагро	Украина	Азық-түліктік бидай	17 581 081,32	0,05
12	Фатоглу Истехсаль	Азербайджан	Азық-түліктік бидай	48 401 385,60	0,15
13	Актэкс	Россия	Азық-түліктік бидай	72 937 833,15	0,22

14	Росхлебпродукт	Ресей	Азық-түліктік бидай	432 559 725,38	2,81
15	Балтвэй Транспорт	Украина	Азық-түліктік бидай	274 395 390,30	0,83
16	"Гленкор Интернешнл АГ"	Әзірбайжан Сауд Аравиясы	Жемдік арпа	177 169 176,50	21,12
17	"Сильверетта Трейдинг Компани ЛДА"	Украина	Азық-түліктік бидай	2 332 510 831,02	15,62
18	Росхлебпродукт	Ресей	Азық-түліктік бидай	501 742 470,47	2,81
19	"Сильверетта Трейдинг Компани ЛДА"	Украина	Азық-түліктік бидай	1 499 778 395,10	15,62
20	M&T SRL	Молдова	Азық-түліктік бидай	23 354 986,80	0,07
2003 жылдың жиыны:				8 592 568 870,13	
1	Сильверетта Трейдинг Компани ЛДА	Украина Румыния Әзірбайжан	Азық-түліктік бидай	1 890 780 570	6,05
2	Актэкс	Ресей	Азық-түліктік бидай	222 240 248,44	0,71
3	Альфа Стар ЛЛС	Грузия	Азық-түліктік бидай	106 071 187,5	0,34
4	Альфред Топфер Интернешнл	Түркия	Азық-түліктік бидай	130 405 147,29	0,42
2004 жылдың жиыны:				2 349 497 153,23	

3) сомасы эмитенттің активтерінің баланстық құнының он пайызынан аспаса, облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиісті мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер

2006 жылғы 24 қаңтарда «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ 13,8 млрд.тенге сомасындағы векселдік берешекті өтеуді жүзеге асыруы тиіс.

4) болашақ міндеттемелер

Қазіргі кезде «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ 1 жыл мерзімге 25 млн. АҚШ доллары сомасында банктік қарызды ұсыну жөніндегі BNP Paribas ұсынысын қарап жатыр.

5) сот процестерінде эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ қатысатын нәтижесінде қызметтің тоқтатылуы немесе шектелуі, ақшалай және басқа да міндеттемелердің жүктелуі мүмкін сот процестері жоқ.

6) соңғы жылдар ішіндегі мемлекеттік уәкілетті органдардың және/немесе соттың эмитент пен оның лауазымдық тұлғаларына салынған барлық әкімшілік санкциялар туралы

2004-2005 жылдар ішінде Корпорация мен оның лауазымдық тұлғаларына әкімшілік санкциялары салынған жоқ.

7) тәуекелдік факторлары

Экономикалық тәуекелдер

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ қызмет саласы инфляция, валюта бағамының құбылмалылығы, сондай-ақ сыртқы экономикалық факторлар секілді тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ Корпорацияның қарызға алған қаржыларының кейбір бөлігі шетелдік валютадағы кредит түрінде берілуіне және де экспорттық келісім-шарттардан түсетін түсімдердің де шет ел валютасымен түсуіне байланысты валюталық тәуекелдерді басқару мен барынша азайту бойынша жұмыстар жүргізеді.

2004 жылы инфляция қарқыны 7%-ды, 2005 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша 7,9% құрады. Корпорация қызметінің қаржылық нәтижелері тұрғысынан инфляция факторы әсерінің болуы сөзсіз. Бағаның өсу қарқынының ұлғаюы шығындардың, қарызға алынған қаражаттардың, запастар мен активтер айналымының баяулауына және рентабельділік көрсеткішінің төмендеуіне себепші болуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Сондықтан инфляцияның нақты көрсеткіштері болжамдардан біршама асып кеткен жағдайда «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ төлем шығындарын оңтайлау және төлем төлеу қабілеттігін сақтау бойынша іс-шаралар қабылдауды жоспарлап отыр.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың облигация иелерінің алдындағы міндеттемелерінің орындалмау мүмкіндігі мынадай факторлардан туындауы мүмкін:

- ауа-райы мен климаттық жағдайлар әсер ететін астық өнімдерімен. Алайда, статистика бойынша астықтың шығымсыздығы, орташа алғанда, 5 жылда 1 рет болды, бұл Корпорацияның қаржылық көрсеткіштеріне айтарлықтай кері әсерін тигізе қоймайды;

- Астық пен одан өңделген өнімдердің бағаларының құбылмалылығы. Алайда мемлекеттік саясат бағытталған отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қорғау жөніндегі іс-шаралар қаралып отырған жағдайда рынок жеткілікті түрдегі тұрақты баға конъюнктурасымен сипатталады.

- Экспорттық түсім Корпорацияның негізгі кіріс баптарының бірі болып табылатындықтан астықтың әлемдік бағаларының құбылмалылығымен;

- Қазақстаннан астықты импортқа алушылардың жоғары баж салығын енгізуімен. Алайда Қазақстандағы астықтың өзіндік құнының салыстырмалы түрде төмендігін, экспорт бағыттарының диверсификациясын ескергенде мұндай іс-шараларға төтеп беру шамасы өте үлкен.

- Қазақстаннан астықты импортқа алатын импортшылардың жоғары баж салығын енгізуімен. Алайда Қазақстандағы астықтың өзіндік құнының төмендігін, экспорт бағыттарының диверсификациясын ескергенде мұндай іс-шараларға төзімді.

Саяси тәуекелдер

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен акционерлік қоғам түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады және өзінің өндірістік және қаржылық қызметін дербес шаруашылықтың негізінде жүзеге асырады және мемлекет тарапынан қолдауға ие болатынына сенімді. Елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты тәуекелдердің бола қоюы екіталай. Оның үстіне бюджеттік инвестициялар есебінен «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ капитализациялаудың өсуін, оның Қазақстанның мақта рыногына, сондай-ақ ірі ұлттық компанияларды басқару бойынша құрылып жатқан мемлекеттік холдингтерге ену мүмкіндігі ескергенде тарату, қайта құру жөніндегі тәуекелдердің болуы нөлге тең.

Бәсекелестік ықпалы

Астық рыногындағы бәсекелесудің деңгейі жеткілікті түрде жоғары. Бәсекелестік күресі элеваторлар мен қайта өңдеу қуаттарының кең желісін иелене отырып, сондай-ақ өзінің астық дақылдарын егуді ұйымдастыру жолымен алуға болатын арзанырақ астықты жеткізуге қол жеткізу үшін жүргізіледі.

Таяу арадағы 3-4 жылда астық рыногындағы жағдай біршама өзгеруі мүмкін.

Астық өсіретін, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге аванс беретін, астықты сақтаумен, қайта өңдеумен және сатумен айналысатын ірі вертикаль холдингтер негізгі рөл атқармақ. Одан өзге, теңіз жолымен астықты экспортқа шығару көлемдерін кеңейту үшін ірі астық компаниялары порттық терминалдар мен элеваторларды салу туралы өздерінің жоспарлары туралы мәлімдеді. Астықты өткізуде өз қуаттары бар компаниялар сатып алушылармен аса ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасай алады, өйткені порттарға жетуде еш қиыншылықтардың болмауы арқасында астықты үздіксіз тиеуді қамтамасыз етеді.

Техникалық тәуекелдер

Техникалық тәуекелдер әдеттегідей ұзақ мерзімде пайдаланылуына және осы саладағы техникалық прогреске орай жабдықтардың физикалық немесе моралдық жағынан ескіруімен байланысты. Корпорация мемлекеттік азық-түліктік астық резерві мен алыс-беріс астығы орналастырылатын өз элеваторлар желісін (№№ 1, 2, 4, 5, 7 астық базалары) дамытады, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтады, технологиялық жабдықтарды қалпына келтірді, элеваторларды қайта құрып қалыпты жұмыс режиміне келтірді.

Барлық бес элеватордың астықты қабылдау, кептіру, өңдеу, сақтау мен тиеу қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар.

Әлеуметтік тәуекелдер

Қазіргі кезде Корпорация оның қызметіне айтарлықтай кері әсерін тигізе алатын әлеуметтік факторлардың ықпалына ұшырап отырған жоқ.

Экологиялық тәуекелдер

Соңғы жылдары эрозия процестері күшейіп топырақ құрамындағы қарашірік аз болып отырған Қазақстан құрғақ аймақтардың қатарына жататындықтан ондағы топырақтың нашарлау қаупі бар. Бұл ретте республика аймағының аз ғана бөлігі өсімдік шаруашылығына қолайлы ауыл шаруашылығы жерлеріне жатады. Қазіргі кезде жер құнарлылығының нашарлау проблемасына көп көңіл бөлінеді. 2006-2010 жылдарға арналған ҚР аграрлық өндірістік кешенді тұрақты дамыту концепциясының шеңберінде мынадай іс-шаралар көзделген:

- егіншіліктің табиғатты қорғайтын және ресурстарды сақтайтын бейімдеу-ландшафт жүйесіне өту;
- өсіру технологиясын топырақтық-климаттық жағдайға және дақылдар мен сорттардың биологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу;
- жергілікті биоэнергетикалық ресурстарды толық пайдалану есебінен топырақтың құнарлылығын: көпжылдық шөптерді егуді, өсімдік шаруашылығының жанама өнімдерін, химиялық құралдарды, топырақты эрозиядан қорғауды қолдау;
- жаңа энергияны сақтайтын тәсілдер мен амалдарды саралап пайдалан отырып ғылыми негізделген энергияны аз қажет ететін технологияларды әзірлеу;
- экономикалық тиімділікті өсіру шартына жауап беретін ғылыми негізделген рациональды ауыспалы егісті игеру және сақтау;

8) эмитенттің қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын рыноктар туралы басқа ақпарат

2005 жылғы қазанда «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ республикалық бюджет қаржыларының есебінен Оңтүстік Қазақстан облысында мақтаны қайта өңдейтін зауытты құру мақсатында еншілес кәсіпорынды тіркеуді жүзеге асырады.

2006 жылы «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың жарғылық капиталы республикалық бюджет қаржыларының есебінен 5 млрд. теңгеге ұлғайтылады және ол мынадай мақсаттарға бағытталады:

- 2,5 млрд. теңге – астықтың көктемгі-жазғы және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру;
- 1,1 млрд. теңге – Ақтау портындағы астық терминалын әрі қарай дамытуды қамтамасыз ету;
- 0,4 млрд. теңге – Баку портында астық терминалын салып оны жарақтандыру;
- 1 млрд. теңге – мақтаны қайта өңдейтін зауытты құру.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛЫ

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтер түрлері.

Жоқ.

31. Баланстық құны негізгі құралдардың бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

Жоқ.

32. Инвестициялар мен бағалы қағаздар портфелі

Корпорация еншілес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына үлес салды, – «Астық қоймалары» ЖШС-ке - 753 646,7 мың теңге, «Қазастықтранс» ЖШС-ке - 15 036,3 мың теңге, «Ақ бидай терминал» ЖШС-ке - 287 789,9 мың теңге, «Бидай өнімдері» ЖШС-ке - 200 мың теңге, «Сарапшы аграрлық компания» ЖШС-ке - 15 164,6 мың теңге.

Желтоқсан айында «Мақта келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың жарғылық капиталына 500 млн. теңге бағытталады. Одан өзге Корпорация «Сарапшы аграрлық компания» ЖШС-тің жарғылық капиталын 100 млн. теңгеге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

2005 жылғы 30 тамыздағы жағдай бойынша инвестициялар құрылымы (мың теңге)

14 кесте.

№	Инвестициялардың атауы	Сома	Салыстыр малы салмағы (%)
1	Басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей салынған инвестициялар	1 071 837,50	100
2	Ұзақ мерзімді инвестициялар	-	-
3	Инвестициялық портфель	-	-
	Жиыны	1 071 837,50	100

33. Дебиторлық берешек (мың теңге)

15 кесте.

№	Ұйымның атауы	Сомасы
1	АФ Әліби (АПК Инвест Корп) ЖШС	1 507 100
2	Асылхан-Агро ЖШС	1 337 430,19
3	ЛТД Астық Трейдинг ЖШС	1 334 700
4	Иволга-Холдинг ЖШС	1 252 470
5	НұрАл ЖШС	853 643,22
6	Запорожье ЖШС	827 333,34
7	Агрофирма Жер-Ана ЖШС	816 720
8	Богви ЖШС	747 801,68
9	Агроцентр-Астана ЖШС	568 326,94
10	Әліби-Астық ЖШС	478 080

34. Эмитенттің жарғылық және өз капиталы

Төленген жарғылық капитал 7 491 583 000 теңге.

Корпорацияның өз капиталының мөлшері 2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 15 969 804,01 мың теңгені құрайды.

35. Қарыздар

Корпорация өзі қызмет етіп жүрген уақыт ішінде ірі Қазақстан банкілері арасында оң несиелік тарихты қалыптастырды. «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Халық Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ сияқты банктер, сондай-ақ Credit Swiss Boston Int., HSBC Kazakhstan, Citibank, Rabo bank, Natexis, BNP Paribank, Societe Generale, ABN AMRO Bank сияқты ірі шет елдік банктер Корпорацияның несиегерлері болды.

2005 ж. 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қарыздар бойынша берешектің жалпы сомасы 40 438 720,43 мың теңгені құрды.

Корпорацияның іс жүзінде бар қарыздары туралы мәліметтер
2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша

16 кесте.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасының проспектісі

№	Банктің атауы	Кредит мөлшері (млн. АҚШ долл.)	Валюта	Кредит беру мақсаты	Қамтамасыз ету түрі	Кредиттік келісім-шарттың нөмірі	Пайыздық бағамы	Өтеу мерзімі		Кредиттерді өтеу (млн АҚШ долл.)	Өтелетін сома (млн.АҚШ долл.)							
								Негізгі берешек	пайыздар		2005 ж. 3 тоқсан	2005 ж. 4 тоқсан	2006 ж. 1 тоқсан	2006 ж. 2 тоқсан	2006 ж. 3 тоқсан			
1	Кредиттерді игеру:	293,5																
	Credit Swiss Boston Int	105,0	АҚШ долл.	Астық алу	Екінші деңгейдегі банктің кепілдігі	13.05.04 нөмірсіз	6,74	16.12.05 16.06.06	16.12.05 16.06.06	41		27			35			
	HSBC Kazakhstan	20,0	АҚШ долл.	Астық алу	Экспорттық түсім	15.06.04 CIB0306/04	7,49	06.06.06	06.06.06	0					20,0			
	Rabobank	20,0	АҚШ долл.	Астық алу	Астық	26.10.04 нөмірсіз	6,85	31.01.06 28.02.06 31.03.06 28.04.06	Кезеңдердің әрқайсысында	0			14		6			
	Citibank	10,0	АҚШ долл.	Астық алу	Депозиттердегі ақша қаражаты	3.12.04 нөмірсіз	6,45	15.09.05	Ай сайын	3	7							
	BNP Paribas	3	АҚШ долл.	Астық алу	-	27.06.05 нөмірсіз	6,71	29.06.06	Ай сайын	0					3			
	ING Bank NV	10	АҚШ долл.	Астық алу	Экспорттық түсім	01.07.05 нөмірсіз	5,91	31.01.06 28.02.06 31.03.06 30.03.06 31.05.06 30.06.06	Ай сайын	0			4,8		5,2			
	Облигации	22,2	теңге	Астық алу	Қамтамасыз етілмейді		8	2009	Жыл сайын 17.05.	0								
	Векселя	103,3	теңге	Астық алу	Қамтамасыз етілмейді		7,9-8	24.01.06	24.01.06				103,3					

Корпорацияда 2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша мынадай кредиттік желілер ашылған:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та 50 млн.АҚШ доллары сомасына, 25.04.03 ж № KS 03-44 кредиттік келісім, сыйақы бағамы – жылдық 11 % , желінің жарамдылық мерзімі 04.01.2006 жылға дейін;
- «ТұранӘлемБанкі» АҚ-та 9 800 млн. теңге сомасына, 11.09. 03ж. № 0201/03/100/100 кредиттік келісім, сыйақы бағамы – жылдық 12%, желінің жарамдылық мерзімі 05.04.2006 жылға дейін. Сондай-ақ «ТұранӘлемБанкі» АҚ 2007 жылғы сәуірге дейін кредиттік желіні 100 млн.АҚШ долларына дейін ұлғайту туралы шешімді қабылдау.

36. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар), (мың теңге).

17 кесте.

№	Ұйымның атауы	Сомасы
1	Сочинское ЖШС	33 213,08
2	Ершовское-2 ЖШС	14 674,00
3	Иволга ЖШС	18 771,54
4	Урожай ЖШС	7 486,55
5	Агрофирма Кеңашы ЖШС	9 526,87
6	Еңбек С ЖШС	8 996,54
7	Майлин атындағы ЖШС	8 466,00
8	Пешков ШАҚ ЖШС	8 723,78
9	Денисов ЖШС	7 649,64
10	Қорғау ЖШС	5 644,00

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

37.1. Қолданыстағы облигациялар шығарылымы құрылымын сипаттау және соңғы үш жыл ішіндегі облигацияларды өтеу туралы мәліметтер

2005 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Корпорацияның 3 000 000 000 теңге сомасында номиналдық құны 10 000 теңге 300 000 дана мөлшерінде қолданыстағы облигациялар шығарылымы бар. Осы шығарылым облигациялары бойынша сыйақылар бағамы облигациялардың номиналдық құнынан жылдық 8%-ды құрайды. Сыйақыларды есептеу облигациялар айналымы басталған күннен бастап жүргізіледі (17.05.04ж). Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу уақытша база есебінен жылына бір рет жүргізіледі: бір жылдағы күндердің нақты саны, бір айдағы күндердің нақты саны, тиісінше, он екі, жиырма төрт, отыз алты, қырық сегіз, алпыс айдан кейін.

Осы шығарылымдағы облигациялардың айналым мерзімі айналым басталған күннен бастап 5 жылды құрайды. Орналастыру мерзімі – облигациялардың айналымының барлық мерзімі ішінде.

«KG Securities» АҚ осы облигациялар шығарылымы бойынша брокерлік қызмет көрсетулерді көрсетеді. Облигацияларды есепке алуды тіркеуші – «Бағалы қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2000 жылғы 04 қыркүйектегі бағалы қағаздарды ұстаушылар реестрін жүргізу қызметін жүзеге асыруға берген лицензиясы.

Мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі жүзеге асырды.(2004 жылғы 6 ақпандағы № В09 бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік)

37.2.1. Эмитент акцияларының бірінші эмиссиясы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар туралы ұлттық комиссиясы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 102 бабы 2 тармағы негізінде 1997 жылғы 29 сәуірде А2364 нөмірімен Алматы қаласы Әділет басқармасында тіркелген, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ акцияларының 45 762 000 теңге мөлшеріндегі акциялардың бірінші эмиссиясын заңнамамен белгіленген мерзімде акцияларды шығару мен орналастыру қорытындысы туралы есепті бермеуіне байланысты жойды.

37.2.2. Эмитент акцияларының екінші эмиссиясы туралы мәліметтер

1. Акциялардың жалпы саны 45 762 дана, эмиссияның жалпы көлемі 45 762 000 теңге. Артықшылығы бар акциялар жоқ.
2. Бағалы қағаздардың түрі: жәй акция.
3. Номиналдық құны - 1000 теңге.
4. Шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні: «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ жәй атаулы акциялардың екінші эмиссиясын 2001 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы тіркеген, ұлттық идентификациялық нөмір KZ1C23640200. Эмиссия мемлекеттік

реестрге А2364-1 нөмірімен енгізілген.

5. Орналастырудың соңғы күні : 2001ж 21 наурыз.
6. Акцияларды орналастыру тәртібі: жабық.
7. Дивидендтер мөлшері: есеп беретін жыл үшін таза табыстың 50% мөлшерінде есептеледі.

37.2.3. Эмитент акциясының үшінші эмиссиясы туралы мәліметтер

1. Акциялардың жалпы саны 491 583 дана, эмиссияның жалпы көлемі 491 583 теңге.
Артықшылығы бар акциялар жоқ.
2. Бағалы қағаздардың түрлері: жәй акция.
3. Номиналдық құны - 1000 теңге.
4. Шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні: «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ жәй атаулы акциялардың үшінші эмиссиясын 2004 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тіркеген, ұлттық идентификациялық нөмір KZ1C23640010. Эмиссия мемлекеттік реестрге А2364 нөмірімен енгізілген.
5. Орналастырудың басталған күні: 2004 жылғы 29 маусым;
Орналастырудың соңғы күні: 2004 жылғы 10 тамыз.
6. Акцияларды орналастыру тәртібі: жабық.
7. Дивидендтер мөлшері: есеп беретін жыл үшін таза табыстың 50% мөлшерінде есептеледі.

37.2.4. Эмитент акциясының төртінші эмиссиясы туралы мәліметтер

1. Акциялардың жалпы саны 7 491 583 дана, эмиссияның жалпы көлемі -7 491 583 000 теңге. Артықшылығы бар акциялар жоқ.
2. Бағалы қағаздардың түрлері: жәй акция.
3. Номиналдық құны - 1000 теңге.
4. Шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні: «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ жәй атаулы акциялардың төртінші эмиссиясын 2004 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тіркеген, ұлттық идентификациялық нөмір KZ1C23640010. Эмиссия мемлекеттік реестрге А2364 нөмірімен енгізілген.
5. Орналастырудың басталған күні: 2004 жылғы 15 желтоқсан.
Орналастырудың соңғы күні: 2005 жылғы 4 ақпан.
6. Акцияларды орналастыру тәртібі: жаздыру.
7. Дивидендтер мөлшері: есеп беретін жыл үшін таза табыстың 50% мөлшерінде есептеледі.

37.3. Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеу (төлеуді кешіктіру))

Мұндай фактілер болған жоқ.

37.4. Бағалы қағаздар шығарылымының тоқтатылғаны, болған жоқ деп танылғаны, я болмаса жойылғаны туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар туралы ұлттық комиссиясы «Акционерлік қоғамдар туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының 102 бабы 2 тармағы негізінде 1997 жылғы 29 сәуірде А2364 нөмірімен Алматы қаласы Әділет басқармасында тіркелген, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ЖАҚ акцияларының 45 762 000 теңге мөлшеріндегі акциялардың бірінші эмиссиясын заңнамамен белгіленген мерзімде акцияларды шығару мен орналастыру қорытындысы туралы есепті бермеуіне байланысты жойды.

37.5. Өтеу күні және облигациялар бойынша төленетін төлемнің жалпы мөлшері

Өтеу күні – 17.05.2009 жыл

Төлемнің жалпы мөлшері – 4 200 000 мың теңге.

37.6. 2003-2004 жылдар ішіндегі акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы мәліметтер (теңге).

18 кесте.

жыл	Акционерлер жиналысының № шешімдері (жалғыз акционердің шешімі)	Шешімді қабылдау күні	Дивидендтер сомасы, тенге	Бір акцияға төленетін акциялар дивиденті, тенге
2003	Ауыл шаруашылығы министрінің 13.05.04ж. №270 бұйрығы.	13.05.04 ж.	386 638 977	786,52
2004	Ауыл шаруашылығы министрінің 03.06.05 ж. №384 бұйрығы	03.06.05 ж.	274 504 502	36,64

37.7. Сауданы ұйымдастырушылардың атауын қоса алғанда эмитенттің бағалы қағаздарының саудасы жүзеге асырылатын негізгі рыноктар
«Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында.

37.8. Эмитент бұрын шығарған бағалы қағаздардың әр түрі бойынша оларды ұстаушыларға берілген құқықтар

- Облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген мерзімде есептелген сыйақылардың сомасындай төлемдерді алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен және жағдайларда өзінің талаптарын қанағаттандыруға арналған құқық;
- облигацияларды иелігінен айыру және басқаша билік жасау құқықтары;
- облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.

7. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

38. Облигациялардың айналымындағы шектеулер

Жоқ.

39. Эмитенттің облигацияларды шығаруға кеткен шығындар сомасы және бұл шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың облигацияларды шығаруға кететін шығындары жалпы шығарылым көлемінің 0,30%-ы көлеміндегі андеррайтердің қызметіне төленетін біржолғы төлемдер, бұл 90 млн.теңгені құрайды, 2,5 млн.теңге сомасына қаржылық қызметке төленетін төлем, сондай-ақ 0,4 млн. теңгеден көп емес маркетинг-кейстердің қызметіне жыл сайын төленетін ақы болады.

40. Инвесторлар эмитенттің жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымы проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы есептермен және эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарымен танысуға болатын орындар туралы ақпарат

Инвесторлар жарғының көшірмесімен, облигациялар шығарылымы проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы есептермен мына адресітегі: foodcorp.kz «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-тың сайтында таныса алады. Одан өзге, жоғарыда аталған құжаттар инвесторларға «Қазақстан қор биржасы» АҚ-н таныстыру үшін берілуі мүмкін.

Президент

Азимов Р.Д.

Бас бухгалтер

Байзирова Н.Ә.

